


# Ортаймайтын қазынаның қоймасы

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Орталық Қазақстан»



Әрине, ол - кітапхана. Ғылым мен техника қарыштап дамып, ақпарат алудың алуан түрі көбейгенімен, орнықты білім алу үшін кітаптың орны бөлек. Сондықтан, әлемді телевидение

мен Интернет қанша жаулап алғанымен, адамдар кітап оқуға қайтадан көңіл бөле бастаған сыңайлы. Оқырмандар белсенділігі Нұра ауданында да жоғары. Тағы бір қуанарлығы, ұзақжылдар

бойы өзгелердің өктемдігі жүріп тұрған өңірде кейінгі уақытта қазақ тіліндегі әдебиеттер және оны пайдаланатын оқырмандар қатары молаюда екен. Мәселен, қазір ауданда 377 мың кітап қоры болса, оның 185580-і мемлекеттік тілдегі баспа өнімдері.

Киевка кентіндегі орталық кітапханада қырық мыңға жуық кітап қоры бар екен. Қазақ тіліндегі әдебиеттер оның 40 пайыздан астамын құрайды. Аудандық кітапхана жүйесі директорының орынбасары Гүлмира Әжмағанбетова: «Кітап оқырмандарының қатарын көбейту үшін түрлі тәсілдер пайдаланамыз. Ақын-жазушыларды, олардың шығармаларын насихаттау, мерейтойларына орай еске алу

шаралары өтеді. Мәселен, өткен жылы классик жазушылар - Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннің туғанына 110, тағдырдың талқысын тартқан қаламгер Жайық Бектұровтың дүниеге келгеніне 100 жыл толған мерейтойларын атап өттік. Міне, жерлесіміз Махмет Темірұлының 90 жылдық торқалы тойына дайындықты бастап кеттік. Мереке биылғы сәуірге белгіленуде. Жоспарлы жұмыс жетерлік. Кітапханаға келетін жұрттың жігі жазылмайды. Оқырмандар залын, Интернет сыныбын, абонентті қосқанда орталық кітапханада төрт жарым мың оқырман бар. Яғни, аудан орталығындағы барлық тұрғынның 75 пайызы орталық кітапхана қызметін пай-

даланушылар», - дейді.

Киевка кентінде аталған мекеменің қатар, 20 мыңдық қоры бар балалар кітапханасы жұмыс істейтінін ескерсек, бұл - үлкен көрсеткіш. Кітап ақыл-ойдың алтын сандығы екенін, оны ештеңе ауыстыра алмайтынын көпшілік түсініп келеді.

НҰРА ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Киевка кентіндегі орталық кітапхананың оқырманы **Шырын Жұмажанға** /сол жақта/ мекеменің тәжірибелі қызметкері **Тұрлыхан Құсайынова** жаңа әдебиеттер ұсынуда. 2. Интернет сыныбы қашанда сұранысқа ие.

Суреттерді түсірген  
**Ж. ИМАНӨЛІҰЛЫ.**

